

ОРИЕНТАЛИЗМ

Қорытынды. Эдвард Саидтің
«Ориентализм» еңбегінің
құндылығы, ғылымдағы орны,
ықпалы



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 25. Қорытынды. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің құндылығы, ғылымдағы орны, ықпалы

Мақсаты: Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің құндылығын, ғылымдағы орнын, ықпалын анықтау.

«Ориентализм» еңбегінің нәтижесі қандай? Ол осы интеллектуалды ойға қандай өзгеріс әкелді немесе қандай үлес қосты? Саидтің бұл еңбегінің маңызы қандай?

Эдвард Саид бір емес, бір мезгілде бірнеше мәдениет, ел, дін, қоғам, бірнеше ұлт ортасында өмір сүрді. Мұны плюримәдени өмір деп атайды. Саидтің мұндай плюримәдени өмірінің мағынасын Ислам діні мен Батыс анықтап берді. Сондықтан ол өзінің өмірлік тәжірибесі мен қабілетіне үлкен моральдық жауапкершілікпен қарады. Ол өзі былай дейді: «тәуелсіз интеллектуалдар Таяу Шығыс пен басқа елдерде ұзақ уақыт бойы билік құрған өзара дұшпандыққа негізделген моделге қарсы сол дұшпандықты қалпына келтіретін, жеңілдететін және шектейтін балама модельді ұсынуы қажет».

Ол Иерусалим мен Батыс Жағалауға барған сапарынан қайтқан соң «Израильдің ксенофобиясы Палестиндіктердің шешімін күшейтті» деп жазды. Оның осындай ашық, бірбеткей позициясы оған қарсыластарды да, ал кейде жауларды да тауып берді. Оған өміріне қауіп төндіретін ескертулер де жасалды, бір рет оның офисі өртеліп, Еврейлерді қорғау лигасы оны ұлтшыл деп атады. Ол әрі араб, әрі америкалық азамат ретінде АҚШ-тың ислам және араб әлемінде жүргізетін саясаты үшін Пентагонның элитасы құрастырып берген көзқарастарды дұрыс бағалауды, дұрыс түсінуді ұсынады. Себебі ол көзқарас араб әлеміне қатысты болғанмен, ол бүкіл әлемге тарайды.

«Ориентализм» кітабының жазылуына араб-израиль шиеленісі себеп болғандықтан, ол постколониалды әлемге дәл осы мазмұндағы, дәл осы идеясы бар еңбек қажет болып тұрған аса маңызды сәтте, дер кезінде жазылған еңбек болып табылды. Жаңа тарихи постколониалды деп аталатын кезеңде жаңа тақырыптық және теориялық шешім қажет болды. Қазіргі заманғы капиталистік қоғам үшін Саидтің еңбегі осындай шешім болып келді.

Саидтің еңбегі жазылған тұс бұл осы постколониалды кезеңде жаңа тақырыптар мен жаңа идеялардың бірінен кейін бірі туындап жатқан уақыт еді. Сол еңбектердің, әсіресе, батыс-шығыс тақырыбына жазған авторлар өз зерттеулері мен шығармаларына Саидтің еңбегі тұрғысынан қарайтын болды, алайда бұл оның еңбегіне біржақты көзқарас қалыптасты дегенді білдірмейді, керісінше, оны жақтаушылар да, сынаушылар да көп еді. Олардың зерттеулері үшін Саид еңбегі олардың өзіндік сын мен баға беретін өлшем болып табылды және бұл жерде назар аударатын нәрсе – Саидтың бұл кітапты ғылыми зерттеу деп емес, памфлет түрінде жазғандығында. Алдыңғы дәрісте айтылғандай, «Ориентализм» – бұл әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен сұхбаты жайлы еңбек. Ал мәдениетаралық сұхбат бұл қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде сан түрлі миссиялар мен мазмұннан тұратын маңызды феномен. Саид еңбегінің академиялық орта, мемлекеттік құрылымдар, діни мекемелер үшін маңызы осында жатыр. Басқаша сөзбен айтқанда гуманитарлық білім мен жаңаша ойлау, талдау мен сараптама қажет етілетін салалардың барлығы ориентализмнің концептуалды мәнін түсініп қана қоймай, оның қағидаттарын дұрыс қолдана да алуы қажет. Мысалы, ғылыми-зерттеу жұмысында кез келген шығыс объектісіне «Басқа/өзге» концепті тұрғысынан талдау жасай алу.

Саидтің «Ориентализм» еңбегі гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістеріне түбегейлі өзгеріс әкелді. Бұрынғы ғылымда қалыптасқан тарихты әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан зерттеулер енді мәдени сипатқа ауысты. Мәдени дискурс ол қазіргі шығыстану ғылымының ең басым бағыттарының бірі. Ол жаңа айтылғандай ориентализм идеясымен тығыз байланысты. Саидтің өзінің айтуынша:

«Ориентализм – бұл тек мәдениетте, ғылыми зерттеулерде, құрылымдарда пассив түрде көрініс тауып қоя салатын саяси пән немесе сала ғана емес, сондай-ақ бұл тек Батыстың Шығысты тұншықтыруды көздейтін жағымсыз (астыртын) келісімінің көрінісі де ғана емес. Бұл, шындығында, геосаяси білімді, ұғымды ғылымға: эстетикалық, ғылыми, экономикалық, әлеуметтік, тарихи және филологиялық мәтіндерге енгізу; бұл тек базалық географиялық тұрғыдан Шығыс, Батыс болып бөлінуді ары қарай таратып түсіндіріп қою ғана емес, бұл оны туындатып қана қоймай, әрі қолдап отыратын ғылыми жаңалықтар, филологиялық қайта құрулар, психологиялық талдау, шынайы немесе социологиялық сипаттаулар арқылы тұтастай «мүдделердің» өзара ажырауын да түсіндіру; ориентализм – бұл мүлде басқа, өзге әлем болып



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 25. Қорытынды. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің құндылығы, ғылымдағы орны, ықпалы

табылатын әлемді түсінуге, кейбір жағдайда бақылауда ұстауға, манипуляциялауға, тіпті өзіне енгізуге (қосып алуға) бағытталған нақты мақсат немесе әрекет (сөз емес); түптеп келгенде бұл саяси билікпен тікелей байланысы жоқ, бірақ, биліктің әр түрімен түрлі (әділетсіз) байланысқа түсіп, осы байланыс арқылы пайда болып, осы арқылы саяси билікпен (отарлық немесе империалистік құрылым), интеллектуалды билікпен (салыстырмалы тіл білімі, анатомия немесе кез келген қазіргі заманғы саяси ғылымдар), мәдени билікпен (дәстүр, талғам, мәтіндер, құндылықтар), моральдық (бұл «біздің қолымыздан келеді», ал «олардың» қолынан келмейді, себебі «олар» мұны біздің қалай істейтінімізді білмейді де, түсінбейді де» деген түсінік) байланыс арқылы қалыптасатын дискурс. Сондықтан мен ұсынатын дәйек: ориентализм – бұл қазіргі заманғы саяси-зияткерлік мәдениеттің маңызды өлшемі (бөлігі). Ориентализм мәдени және саяси шындық болғандықтан, ол қандай да бір мұрағатта, жабық жатқан жоқ, мүлде керісінше, Шығыс жайында айтылып, жазылып, тіпті істеліп жатқанның барлығы белгілі, әрі зияткерлік тұрғыдан маңызды бағыттарға қатысты екенін көрсетуге болады.

Зерттеу саласындағы мұндай басымдық отарлау дәуірінің артефактілері мен империялық мазмұндағы материалын қайта қарау мүмкіндігін туғызғандықтан оларға үлкен қарқын берді. Олардың негізгі мақсаты – сол зерттеулерде берілген білімнің Европаның үстемдігі үшін қаншалықты маңызды болғанын таныту болды. Сол арқылы әр зерттеудің объектісі арқылы европалық мәдениеттің өктемдігінің деңгейін анықтау міндеті қойылды. Сонымен қатар мәдени гегемон мен отар ел байланысында бұрын қозғалмаған тақырыптардың көтерілуі колониализмді зерттеудің жаңа әдістеріне алып келді немесе бұрын отарлық жүйеде зерттеу мүмкіндігі болмаған «тыйым салынған» және «жабық» тақырыптарды көтеру мүмкіндігі туды. Мысалы, біз өз тәжірибемізден «Қазіргі Қазақстандағы ислам: мәні мен діни жаңарудың нәтижелері» тақырыбында орындалған ғылыми жобамызды атай аламыз. Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда мұндай тақырыпта зерттеу жазу да, діннің өзін ашық насихаттау немесе ұстанудың еркіндігі болмағаны белгілі.

Кеңестік жүйе ыдырап, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін отандық ғылымға келген үлкен жаңалықтардың бірі – ол шығармашылық еркіндік.

Қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихына қатысты кеңестік дәуірде жазылған түрлі оқу құралдарындағы «қазақ халқының тұрмысы, кәсібі мен салт-санасы көшпелі өмірмен тығыз байланысты болды, үнемі тек мал шаруашылығымен айналысқандықтан халық арасын сауатсыздық жайлады, жазу-сызуы жоқ қараңғы халықтың көзін 1917 жылғы Қазан төңкерісі ашты» сипатты европоцентристік ұстанымдағы тұжырымдар жылдар бойы бірнеше ұрпақтың жадына сіңіріліп келді. Ал оның тоталиитарлық жүйе идеологиясы екені тек өткен ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғана айқындала бастады. Қалыптасып кеткен қағиданы жоққа шығаруға, қарсы көзқарасты дәлелдеу үшін ғылыми нақты дәлел қажет екені белгілі. Бұл тұста қазақ тарихшылары, әсіресе археологтардың қазақ даласының әр өңірінде, негізінен оңтүстікте жүргізген зерттеу экспедициялары нәтижесінде тапқан көне тарихи қалалар мен қорғандар, қамалдар мен елді мекендердің орны үлкен жаңалық әкелді.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында біздің заманымыздан бұрын салынған қалалардың болғаны, оның ішінде Сырдария мен Жетісу өңіріндегі ірі қалалар, далалық түркі өркениетінің астаналары Отырар, Сайрам, Тараз, Алмалы шаһарларының тарихы мыңдаған жылдарды қамтитыны жөніндегі деректер – археолог ғалымдардың бұл салада соңғы жылдары қол жеткізген үлкен табысы. Ұлы Жібек жолында дамыған шаһарлардың мемлекетаралық саясатты, халықаралық сауда мен экономиканы, ғылым мен мәдениетті өркендетуге қосқан үлесінің бүгінгі заман үшін өзектілігі артып отыр, Шығыс пен Батысты ықпалдастырған керуен жолы қайта қолға алынып жаңа сипатта жандандырылуда.

Мемлекеттік жоба ретінде қабылданған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары көне өркениеттің тарихта қалдырған ізін анықтап, табу мәселесінде бұрынғы бар деректерді тың жәдігерлермен толықтырып отыр. Мұндай қадамдар гуманитарлық ғылымының барлық салаларында жасалғаны белгілі.

Жалпы Батыс елдерінде Саидтің ориентализм концепциясы арнайы пән ретінде оқытылуы оның осы маңыздылығына дәлел болады. Мұндай мүмкіндік енді біздің өзімізде туып отырғаны, әрине, өте құптарлық жағдай. Біз Саидтің еңбегін Батысқа, империалистік жүйеге қарсы көзқарас деп емес, оның мазмұнында қамтылған мол әдеби, лингвистикалық, мәдени,



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 25. Қорытынды. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің құндылығы, ғылымдағы орны, ықпалы

жалпы теориялық және практикалық сұрақтарды қамтитын дерек, Батыс пен Шығысқа қатысты теориялар, концепттер жайлы материал беретін әдістеме ретінде қараймыз.

Мысалы, «билік пен білім арақатынасы», «басқа/өзге alter ego концепті», «білім» немесе «мәдениет» концепті және т.б.

Бұл айтылғандар Саид көтерген мәселелердің Шығыстың нақты бір аймағы үшін локалды маңызға ғана емес, жалпы шығыстанушылардың барлығы үшін қажет екенін анықтайды. Саидтің өзінің тілімен айтқанда постмодерн мәдениеті кезеңінің негізгі проблемаларының бірі – «Басқаны түсіну және онымен сұхбаттасу проблемасы». Бұл біз үшін де үлкен мәнге ие.

Саидтің «Ориентализм» кітабы колониалды дискурс пен постколониалды теорияның қалыптасуына және дамуына тікелей ықпал етіп, аталған проблемалардың зерттелуіне қарқын берді, ал ол қарқынсыз гуманитарлық ғылымдар саласындағы көптеген теориялық зерттеулердің жеткен мүмкіндіктерін елестету мүмкін емес. Оның бұл кітабы ғылымда қалыптасып кеткен академиялық қағидаларды қайта қарастыруды талап еткендіктен белгілі бір мағынада өте күтпеген жай болды.

Осы айтылғандарға байланысты Шығыс та, Батыс та бірін-бірі жақсы білуі, зерттеуі керек. Әсіресе Батыс көне Шығысты да, жаңа Шығысты да білуі керек екені тағы да айқындала түседі. Бұл, әрине, Батыс Шығысты қажетті деңгейде білмейді деген сөз емес, керісінше, бар білім мен жинақталған тәжірибені жаңа реалиялар мен талаптардың тұрғысынан қайта қарап, қажет жағдайда зерттеудің фокусын дұрыс өзгертіп отырудың маңызын көрсетеді.

XIX ғасырда үнді діни ойшылы Свами Вивекананда былай деген екен: «Ақиқат ешбір көне қоғамның да, жаңа қоғамның да алдында басын июге міндетті емес. Қоғам ақиқаттың алдында басын июі немесе жойылуы тиіс». Бір елдің ғана емес немесе Батыс және Шығыс деп бөлмей тұтас әлемнің алдында ақиқат ғылымды дамытуға үлес қосу сол қоғамның барлық мүшелерінің абыройлы міндеті екені анық.

Біздің пайымдауымызша – Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің құндылығы оның Батысты немесе Шығысты сынағанында, имериалистерді айыптап, араб халқын қорғағанында емес. Иә, Саид Батыстың саяси ғана емес жалпы дискурстық әділетсіздігі, үстемдігі жайлы көп сын айтты. Ашық, батыл көзқарастары үшін мақтауды да көп естіді, сынға да ұшырады. Мыңдаған адамға рухани қолдау көрсетті. Әрине, оның барлығының мәні өте зор. Дегенмен оның еңбегінің ең басты маңызы әлемнің екі бөлігі – Батыс пен Шығыс үшін бірдей іргелі проблеманы көтергенінде. Оны өзекті етіп қойып бергенінде. Бұл проблема – бір мәдениетті одан түбегейлі басқа/өзге/бөгде/ мәдениетте қандай жолмен лайықты танытуға болатынын анықтау. Осы жолды анықтау үшін ориентализм дискурсының маңызын түсіну басты құндылық болып қала береді.